

Табиғи монополиялар субъектілерінің, шығындары реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифтер (бағалар, алым ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлері мен тарифтік сметалар бекіту кезінде ескерілетін тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі төрағасының 2003 жылғы 6 маусымдағы № 149-НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 20 маусымда тіркелді. Тіркеу № 2373. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының м.а. 2012 жылғы 17 ақпандағы № 25-НҚ бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының м.а. 2012.02.17 № 25-НҚ (қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді) бұйрығымен.

Ескерту: Бұйрықтың атауына өзгерту енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2005 жылғы 5 наурыздағы N 73-НҚ бұйрығымен.

"Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы" Қазақстан Республикасы Заңын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 12 қазандағы № 943 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі туралы ереженің 21-тармағының 6) тармақшасын басшылыққа ала отырып **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту: Бұйрықтың кіріспесі жаңа редакцияда - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі Төрағасының 2009.02.05 N 30-НҚ бұйрығымен.

1. Қоса беріп отырған Табиғи монополиялар субъектілерінің, шығындары реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифтер (бағалар, алым ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлері мен тарифтік сметалар бекіту кезінде ескерілетін тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу ережесі бекітілсін.

Ескерту: 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2005 жылғы 5 наурыздағы N 73-НҚ бұйрығымен.

2. Заңнама және тұрғын үй-коммуналдық қатынастарды реттеу департаменті (Жолдыбаева Ф.Т.) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде заңда белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркеуден өткізуіді қамтамасыз **етсін.**

3. Әкімшілік жұмысы департаменті (А.Т.Шабдарбаев):
Ережені ресми бұқаралық ақпарат құралдарында заңда белгіленген тәртіппен

жариялады

қамтамасыз

етсін;

Ережені Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің құрылымдық бөлімшелері мен аумақтық органдарының назарына жеткізсін.

4. "Табиғи монополия субъектілерінің өндірістік мүқтаждар үшін материалдық және қаржылық ресурстарды, жабдықтарды тендерлік негізде сатып алу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитетінің 1998 жылғы 15 тамыздағы N 03/1-НҚ бұйрығының қүші жойылды деп танылсын.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі төрағасының орынбасары А.К.Әміринге жүктелсін.

6. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Төраға

Қазақстан Республикасының
Табиғи монополияларды
реттеу және бәсекелестікті қорғау
жөніндегі агенттігі төрағасының
2003 жылғы 6 маусымдағы N 149-НҚ
бұйрығымен бекітілген

**Табиғи монополиялар субъектілерінің, шығындары
реттеліп көрсетіletіn қызметтерге тарифтер (бағалар,
алым ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлері мен тарифтік
сметалар бекіту кезінде ескеріletіn тауарларды, жұмыстар мен
қызметтерді сатып алу ережесі**

Ескерту: Атауындағы және одан әрі мәтін бойынша "Табиғи монополиялар субъектілерінің, шығындары олар көрсететін қызметтерге тарифтер (бағалар, алымдар ставкаларын) қалыптастыру кезінде ескеріletіn материалдық, қаржылық ресурстарды және қызметтерді сатып алу" деген сөздер "Табиғи монополиялар субъектілерінің, шығындары реттеліп көрсетіletіn қызметтерге тарифтер (бағалар, алым ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлері мен тарифтік сметалар бекіту кезінде ескеріletіn тауарларды (жұмыстар мен қызметтерді) сатып алу" деген сөздермен ауыстырылды;

барлық мәтін бойынша "(жұмыстарды, қызметтерді)", "материалдық, қаржылық ресурстарды және қызметтер көрсетуді" деген сөздер тиісінше "

жұмыстарды, қызметтерді", "тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді" деген сөздермен аудастырылады;

алғы сөздегі үшінші абзац алынып тасталды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2005 жылғы 5 наурыздағы N 73-НҚ бүйрекімен.

Табиғи монополиялар субъектілерінің, шығындары реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифтер (бағалар, алым ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлері мен тарифтік сметалар бекіту кезінде ескерілетін тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алудың осы ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 9 шілдедегі Заңына сәйкес әзірленді және жалпы құқықтық және экономикалық қағидаттарды, сондай-ақ табиғи монополиялар субъектілерінің, шығындары реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифтер (бағалар, алым ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлері мен тарифтік сметалар бекіту кезінде ескерілетін тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуды өткізу тәртібін белгілейді.

Осы Ереженің мақсаттары табиғи монополиялар субъектілерінің, шығындары реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифтер (бағалар, алым ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлері мен тарифтік сметалар бекіту кезінде ескерілетін тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуды барынша үнемді және тиімді қамтамасыз ету болып табылады.

Осы Ережеде көзделген талаптар "Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 9 шілдедегі Заңының 18-4-бабының 9-тармағында 3-тармақтың екінші бөлігімен айқындалған рынок субъектілеріне қолданылмайды.

Ескерту: Кіріспеге өзгертулер енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2009.02.05 N 30-НҚ Бүйрекімен.

1-бөлім. Жалпы ережелер 1-тaraу. Осы Ережеде пайдаланылатын ұғымдар

Ескерту: 1-тaraу жаңа редакцияда жазылды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2005 жылғы 5 наурыздағы N 73-НҚ бүйрекімен .

1. Осы Ережеде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) тапсырыс берушінің қосылма тұлғасы - (оның қызметін берілген өкілеттіктер шенберінде жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды қоспағанда) шешімді тікелей және (немесе) жанама анықтау және (немесе) табиғи монополия субъектісі қабылдаған шешімге, оның ішінде шарттың күшіне, ауызша шартты қоса, немесе өзге мәмілелерге әсер ету мүмкіндігі бар тұлға, сондай-ақ табиғи монополия субъектісіне қатысты осындай құқығы бар кез келген тұлға;

2) ықтимал өнім берушінің қосылма тұлғасы - шешімді тікелей және (немесе) жанама анықтауға және (немесе) осы ықтимал өнім беруші қабылдаған шешімге, оның ішінде шарттың күшіне немесе өзге мәмілеге əсер ету құқығы бар кез келген жеке немесе занды тұлға, сондай-ақ осы ықтимал өнім берушіге қатысты осындай құқығы бар кез келген жеке немесе занды тұлға;

3) тендерлік өтінімді кепілді қамтамасыз ету - тендерге қатысуға тілек білдірген ықтимал өнім беруші ұсынған ақша кепілзаты немесе банк кепілдігі;

4) тапсырыс беруші - сатып алуды осы Ережеге сәйкес жүзеге асыратын табиғи монополия субъектісі;

5) сатып алу - тапсырыс берушінің шығындары реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифтер (бағалар, алым ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлері мен тарифтік сметалар бекіту кезінде ескерілетін тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді тапсырыс берушінің осы Ережеде белгіленген тәртіппен және тәсілмен сатып алыу;

6) құзыретті орган - бір облыстың аумағында су шаруашылығы жүйесінің реттеліп көрсетілетін қызметтерін көрсететін салалық министрлік және (немесе) ведомство және (немесе) көріз жүйесінің реттеліп көрсетілетін қызметтерін көрсететін табиғи монополиялар субъектілері үшін - жергілікті атқарушы органдар, ал екі немесе одан да көп облыстар аумағында су шаруашылығы жүйесінің реттеліп көрсетілетін қызметтерін көрсететін табиғи монополиялар субъектілері үшін - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитеті;

7) бір текстес тауарлар, жұмыстар, қызметтер - бірыңғай болып табылмайтын, ұқсас сипаттамасы бар және оларға сол бір функцияны орындауға және өзара алмасатындай болуға мүмкіндік беретін ұқсас құраластардан тұратын тауарлар, жұмыстар және қызметтер;

8) табиғи монополия субъектісі сатып алатын шығындары реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифтер (бағалар, алым ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлері мен тарифтік сметалар бекіту кезінде ескерілетін тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің тізбесі (бұдан әрі - Тізбе) - бір жылдың ішінде табиғи монополия субъектісі сатып алатын шығындары реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифтер (бағалар, алым ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлері мен тарифтік сметалар бекіту кезінде ескерілетін тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің өлшем бірліктерін, көлемдерін, мерзімдерін, сатып алу тәсілдерін, сондай-ақ бір жылдың ішінде тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің әрбір түрін сатып алуға жұмсалған сомалардың ең жоғары мөлшері көрсетілген номенклатуrasesы;

9) ықтимал өнім беруші - занды, жеке тұлға немесе жеке кәсіпкер;

10) тендер - ықтимал өнім берушілердің арасындағы бәсекелестікті көздейтін

және сатып алу шартының барынша пайдалы талаптарын анықтауға бағытталған
с а т ы п а л у т ә с і л і ;

11) тендерлік құжаттама - тапсырыс берушінің тендер өткізу шарты мен
тәртібін қамтитын тендерлік өтінім дайындау үшін ықтимал өнім берушіге
ұ с ы н а т ы н қ ұ ж а т ы ;

12) тендерлік өтінім - тендерлік құжаттамаға сәйкес жасалған ықтимал өнім
берушінің тендерлік ұ с ы н а т ы ;

13) тендерлік комиссия - осы Ережеде белгіленген жағдайларда және
тәсілдермен тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алуды жүзеге
асыру үшін тапсырыс беруші қызметкерлердің ішінен қалыптасатын комиссия;

14) уәкілетті орган - табиғи монополиялар салаларындағы және реттелетін
нарықтардағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

15) стратегиялық тауарларды өндірушілер немесе стратегиялық тауарларды
өндіруге (өндөуге) арналған шикізаттың меншік иесі болып табылатын -
стартегиялық тауарларды өндіруші не оларды шетел өндірушісінің атынан
Қазақстан Республикасының аумағына тікелей сататын жеке және занды тұлға;

16) мерзімі өткен берешек - шартта не өтеу кестесінде белгіленген мерзімде
т ө л е н б е г е н б е р е ш е к ;

17) стратегиялық тауарлар - табиғи монополиялар субъектілері жылу
энергиясын өндіру үшін отын ретінде пайдаланатын көмір, газ, мазут, дизель
отыны, электр энергиясын беру және тарату, су шаруашылығы және көріз
жүйелерінің, газ – меншік мұқтажы үшін және ысырап газды немесе газ
конденсатын магистральдық және (немесе) таратушы құбыржолдары арқылы
тасымалдау саласындағы табиғи монополиялар субъектілері үшін электр
э н е р г и я с ы .

Ескерту: 1-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу
агенттігі төрағасының 2005 жылғы 28 желтоқсандағы N 374-НҚ, 2006 жылғы 14
тамыздағы N 204-НҚ (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз), 2007
жылғы 16 шілдедегі N 189-НҚ (алғаш рет реңми жарияланған күнінен бастап
қолданысқа енгізіледі), 2009.02.05 N 30-НҚ Бұйрықтарымен .

**2-тaraу. Табиғи монополиялар субъектілерінің,
шығындары олар көрсететін қызметтерге тарифтер
(бағалар, алымдар ставкаларын) қалыптастыру кезінде ескерілетін
тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді
сатып алу процесін құқықтық реттеу қағидаттары**

Ескерту: 2-тараудың атауы жаңа редакцияда жазылды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2005 жылғы 5 наурыздағы N 73-НҚ бұйрығымен .

2. Тендерді табиғи монополия субъектісі мынадай қағидаттарды сақтай отырып өткізеді, олар:

- 1) тендер рәсімдерін өткізудің ашықтық және жариялышы;
- 2) барлық әлеуетті жеткізіп берушілерге тендерге қатысу үшін тен мүмкіндіктерді қамтамасыз ету;
- 3) әлеуетті жеткізіп берушілер арасындағы адал бәсекелестік қағидаттарын сақтауға тиіс.

3-тарау. Табиғи монополиялар субъектілерінің, сатып алғынатын, шығындары олар көрсететін қызметтерге тарифтер (бағалар, алымдар ставкаларын) қалыптастыру кезінде ескерілетін тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің тізбесін қалыптастыру

Ескерту: 3-тарау жаңа редакцияда жазылды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2005 жылғы 5 наурыздағы N 73-НҚ бұйрығымен .

3. Табиғи монополия субъектісі жыл сайын, 31 желтоқсанға дейінгі мерзімде келесі күнтізбелік жылға, бірінші басшының бұйрығымен бекітілген қолы мөрмен расталған Тізбені қалыптастырады және құзыретті және уәкілетті органдарға мәлімет үшін жібереді. Құзыретті және уәкілетті органға ұсынылатын тізбе тігілуге және нөмірленуге, соңғы беті тапсырысшының бірінші басшысының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның қолымен және тапсырысшының мөрімен расталуға тиіс.

Табиғи монополия субъектісі Тізбеке өзгерістер мен толықтырулар енгізуге құқылы. Тізбеке енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар Тізбеде белгіленген талаптарға сәйкес келуге тиіс және оларды қабылдаған сәттен бастап 10 күннен кешіктірмей құзыретті және уәкілетті органға ұсынылады.

Ескерту: 3-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2005 жылғы 28 желтоқсандағы N 374-НҚ , 2006 жылғы 14 тамыздағы N 204-НҚ (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) бұйрықтарымен.

4 . Сатып алу процесі :

- 1) Тізбе жасауды күнтізбелік жылға;
- 2) жеткізушіні таңдауды, олармен шарт жасасуды;
- 3) шарттың атқарулын қамтиды.

Ескерту: 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу

агенттігінің 2007 жылғы 16 шілдедегі N 189-НҚ (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен .

4-тарау. Сатып алу тәсілдері

Ескерту: 4-тарау жаңа редакцияда жазылды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2005 жылғы 5 наурыздағы N 73-НҚ бұйрығымен.

5. Табиғи монополиялар субъектілерінің, шығындары олар көрсететін қызметтерге тарифтер (бағалар, алымдар ставкаларын) қалыптастыру кезінде ескерілетін тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алуы осы Ереженің 6 және 9-тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда, тендер нысанында және Тізбеке сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2007 жылғы 16 шілдедегі N 189-НҚ (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5-1. Стратегиялық тауарларды сатып алуды табиғи монополия субъектісі стратегиялық тауарларды өндірушілерден мына жағдайларды:

электр энергиясының және қуаттың орталықтандырылған сауда нарықтарына рұқсат болмаған кезде тиісті тауар нарығында электр энергиясы тапшылығының б о л у ы ;

табиғи монополия субъектісінің тұтынушыларға берілетін электр энергиясының көтерме нарығына қатысуға арналған талаптарға сәйкес келмеуі;

электр энергиясын беру және тарату салаларындағы табиғи монополиялар субъектілерінің шаруашылық мұқтаждарына электр энергиясын сатып алу;

газды оның импортын жүзеге асыратын ұйымдардан, газ тапшылығы болған кезде сатып алу жағдайларын қоспағанда, тікелей сатып алуды жүзеге асырады.

Ескерту: 5-1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2009.02.05 N 30-НҚ бұйрығымен .

6. Ескерту. 6-тармақ алып тасталды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2007 жылғы 16 шілдедегі N 189-НҚ (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Ашық және жабық тендерлер екі кезеңдік рәсімдерді қолдана отырып, өткізілуі мүмкін.

8. Ашық немесе жабық тендер өткізілгенге дейін он құн бұрын, тапсырыс беруші оның жүзеге асырылу тәсіліне қарамастан, уәкілетті органды хабардар етуге міндетті. Қайталама тендерді өткізу кезінде тапсырысшы оны өткізгенге дейін жеті күннен кешіктірмей уәкілетті органды хабардар етеді.

Уәкілетті орган өз өкілін ашық және жабық тендер тәсілдерімен өткізілетін сатып алу рәсіміне қатысу үшін байқаушы ретінде жібере алады.

Уәкілдегі органның өкілі тендер комиссиясының құрамына енгізіле алмайды және тендер комиссиясы шешім қабылдаған кезде дауыс құқығы жоқ.

Ескерту: 8-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2005 жылғы 28 желтоқсандағы N 374-НҚ, 2006 жылғы 14 тамыздағы N 204-НҚ (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) бүйрықтарымен.

8-1. Табиғи монополия субъектісінің қызметтерін (тауарларын, жұмыстарын) тұтынушы табиғи монополия субъектісінің қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) сатып алушы жүзеге асыруы жөніндегі тендерлерге байқаушы ретінде қатысуға құқылы.

Табиғи монополия субъектісінің қызметтерін (тауарларын, жұмыстарын) тұтынушы уәкілдегі органға тапсырысшының, тендерлік комиссияның, тендерлік комиссиясы хатшысының (хатшылығының), техникалық сарапшылардың заңсыз іс-әрекеттеріне шағым жасауға құқылы.

Ескерту: 8-1-тармақпен толықтырылды, өзгертулер енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2006 жылғы 3 наурыздағы N 63-НҚ, 2006 жылғы 14 тамыздағы N 204-НҚ (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) бүйрықтарымен .

9. Табиғи монополия субъектісі, егер сатып алушың құндық көрінісінің жылдық көлемі осы Ереженің 65-тармағында белгілеген шекті мөлшерінен аспаған жағдайда, тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді тендер өткізбестен сатып алушы жүзеге асырады .

Ескерту: 9-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2006 жылғы 14 тамыздағы N 204-НҚ (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) бүйрықтарымен.

9-1. Табиғи монополия субъектісі өздерінің қосылма тұлғалары үшін тендерді бірыңғай ұйымдастырушысы ретінде көрінуге құқылы.

9-2. Табиғи монополиялар субъектілері мазут және (немесе) дизель отынының түріндегі стратегиялық тауарларды көрсетілген мұнай өнімдерінің меншік иелері болып табылатын мұнайдың меншік иелерінен немесе мұнай өнімдерін өндірушілерден сатып алушы жүзеге асырады.

Ескерту: 9-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2006 жылғы 14 тамыздағы N 204-НҚ (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) бүйрығымен .

5-тaraу. Сатып алу процесіне байланысты шектеулер

10. Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген жағдайларды қоспағанда, көрсетілген Тапсырыс беруші өткіzetін тендерге (лотқа) Тапсырыс берушінің екі

және одан көп аффилиирленген тұлғасының қатысуға құқығы жоқ.

Ескерту: 10-тармақ жаңа редакцияда жазылды - КР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2005 жылғы 28 желтоқсандағы N 374-НҚ бүйріғымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз).

11. Тапсырыс берушінің қызметкері сатып алу рәсімдерімен байланысты міндеттерді орындаі алмайды, егер ол әлеуетті жеткізіп берушінің лауазымдық немесе сенімді тұлғасы, жақын туысқаны (ата-анасы, жұбайы, зайыбы, бауырлары, апа-сінлілері, балалары) не өзгедей түрде тендер нәтижесіне жеке мүдделі болып табылса.

12. Әлеуетті жеткізіп беруші мен қосылма тұлғаның бір тендерге (лотқа) қатысуға құқығы жоқ.

6-тaraу. Әлеуетті жеткізіп берушіге қойылатын біліктілік талаптары

13. Сатып алуға қатысу үшін әлеуетті жеткізіп беруші мынадай біліктілік талаптарына сай болуға тиіс:

1) сатып алатын тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің рыногында кемінде бір жыл кәсіби біліктілігіне, сондай-ақ жұмыс тәжірибесіне ие болуға тиіс. Сатып алатын тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің рыногында жұмыс тәжірибесінің болу қажеттілігі туралы талаптар шағын кәсіпкерліктің субъектілеріне және мүгедектер қоғамдық бірлестіктерінің ұйымдарына қолданылмайды;

2) сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерін орындауға қажетті қаржылық, материалдық және еңбек ресурстарының болуы;

3) сатып алу туралы шарт жасасу үшін азаматтық құқықтық қабілетінің болуы;

4) таратуға жатпайтын сатып алуды жүргізу сәтінде төлемге қабілетті болып табылуы, оның қаржы-шаруашылық қызметі Қазақстан Республикасының Зандарына сәйкес тоқтатылуға тиіс емес.

Ескерту: 13-тармаққа өзгертулер енгізілді - КР Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің 2003 жылғы 12 желтоқсандағы N 321-НҚ бүйріғымен, 2005 жылғы 28 желтоқсандағы N 374-НҚ бүйріғымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз).

14. Әлеуетті жеткізіп беруші оның біліктілік талаптарына сәйкестігін растауда тапсырыс берушіге атtestаттарының, қуәліктерінің, патенттерінің, лицензияларының, сертификаттарының, дипломдарының, анықтамаларының өзге

де құжаттарының көшірмелерін ұсынады.

Қазақстан Республикасының заң актілерімен міндепті түрде аудит жүргізуге белгіленген занды тұлғалар да соңғы қаржылық жылға аудиторлық есеп береді.

15. Тапсырыс беруші әлеуettі жеткізіп берушіге осы ереженің 13-тармағында көзделгеннен өзге біліктілік талаптарын белгілеуге құқығы жоқ.

6-1-тaraу. Тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді ұзақ мерзімді кезеңге сатып алу

15-1. Табиғи монополиялар субъектісіне құрылыш мердігерлік жұмыстарға және бір жылдан астам кезеңге олармен байланысты қаржылық қызметтер ұсынуға шарттар жасасуға рұқсат етіледі.

Шарт жасасу үшін мынадай қосымша құжаттар:

- 1) Жобалау-алдындағы және/немесе жобалау-сметалық құжаттама;
- 2) құрылышқа арналған техникалық құжаттама қажет.

15-2. Ұзақ мерзімді кезеңге сатып алуды осы Ережеде белгіленген тәртіппен табиғи монополия субъектісі жүзеге асырады.

15-3. Ұзақ мерзімді кезеңге сатып алынған тауарлар, жұмыстар мен қызметтер шарттың қолданылу мерзімі көрсетілген Тізбеде көрсетілуге тиіс.

Ескерту. 6-1-тaraу жаңа редакцияда - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2007 жылғы 16 шілдедегі N 189-НҚ (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-бөлім. Сатып алуды ашық тендер тәсілімен жүзеге асыру 7-тaraу. Ашық тендерді ұйымдастыру

16. Ашық тендер өткізу туралы әлеуettі жеткізіп беруші тендерлік өтінімдерді қабылдау аяқталған күнге дейін жиырма күнтізбелік күн бұрын мерзімді басылымда хабарландыру жарияланымдармен құлақтандырылады.

Табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркелімнің жергілікті бөліміне енгізілген табиғи монополия субъектісі аптасына үш реттен жиі емес шығатын мерзімді баспасөз басылымда, ал Табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркелімнің республикалық бөліміне енгізілген табиғи монополия субъектісі және Қазақстан Республикасының барлық аумағында таралатын мерзімді баспасөз басылымда тендер өткізу туралы хабарламаны жария етеді.

Тендерлік өтінімдерді қабылдаудың түпкілікті мерзімі мен тендерлік өтінімдер бар конверттерді ашу процестері арасындағы уақыт ұзақтығы екі сағаттан аспауға тиіс.

Ескерту: 16-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2006 жылғы 14 тамыздағы N 204-НҚ (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-

тармақтан қараңыз), 2007 жылғы 16 шілдедегі N 189-НҚ (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен .

8-тaraу. Тендер өткізу туралы хабарландыру (хабарлама)

17. Тендер өткізу туралы хабарландыру (хабарлама) мынадай мәліметтерді:

- 1) тапсырыс берушінің атауын және мекен-жайын;
- 2) сатып алушын атауы (сатып алушын атауы Тізбеде көрсетілген сатып алушын атауына сәйкес келуге тиіс), көлемі, тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің кем дегенде бес атауы, сатып алынатын материалды, қаржылық ресурстар мен қызметтер көрсетуді жеткізу орнын. Бір тендерде тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің бес және одан көп атауларын сатып алған жағдайда, тендерді өткізу туралы хабарландыру сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің толық тізбесі тапсырышының тендерлік құжаттамасында көрсетілген сілтемені қамтуға тиіс. Тапсырышының web-сайты болған кезде, соңғысы сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің толық тізбесін web-сайтта көрсетеді;
- 3) сатып алынатын материалдарды, қаржылық ресурстар мен қызметтер көрсетулердің жеткізудің талап етілген мерзімін;
- 4) тендер құжаттамасын алушын тәсілі мен орны және оның құнын;
- 5) тендерлік өтінімдер ұсынудың орны мен түпкілікті мерзімін;
- 6) тендерлік өтінімдер бар конверттерді ашу күні, уақыты мен орнын;
- 7) тапсырыс беруші айқындайтын өзге де қажетті ақпаратты қамтуға тиіс.

Ескерту: 17-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу жөніндегі агенттігі төрағасының 2005 жылғы 28 желтоқсандағы N 374-НҚ (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз), 2007 жылғы 16 шілдедегі N 189-НҚ (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

9-тaraу. Тендерлік комиссия

18. Хабарландыру жарияланғанға дейін, ашық тендер өткізу туралы 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жарияланған немесе 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалған жабық конкурс өткізу кезінде әлеуетті жеткізіп берушілерге хабарламалар жіберу кезінде, тапсырыс беруші тендерлік құжаттаманы, сондай-ақ тендерлік комиссияның құрамын, тендерлік комиссияның хатшысын бекітеді, ал қажетті болған жағдайда техникалық сарапшыларды белгілеуді .

Осы тармақта көрсетілген барлық шешімдер, тапсырыс берушінің бірінші

басшысының немесе оның міндеттін атқарушының шешімі немесе бұйрығы (бұйрықтар) деп қабылданады.

Тендерлік комиссия тендерлік комиссия қуру және сатып алу туралы шарт күшіне енгенге дейін сатып алуды өткізу туралы шешімді тапсырыс беруші бекіткен сәттен бастап іс-қимыл жасайды.

Тендерлік комиссия мүшелерінің саны тақ болуға және бес адамнан кем болмауға тиіс.

Шағын кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын табиғи монополиялар субъектілері үшін, тендерлік комиссия мүшелерінің саны тақ санды қурауға және үш адамнан кем болмауға тиіс.

Тапсырыс беруші тендерлік комиссия мүшелерінің ішінен тендерлік комиссияның тәрағасын тағайындайды.

Тендерлік комиссияның мәжілісінде тендерлік комиссия мүшесі өндірістік және өзге себептермен жоқ болған жағдайда тендерлік комиссия мәжілісінің хаттамасында оның жоқ болу себебі және осы фактіні растайтын құжатқа сілтеме көрсетілуі тиіс.

Тапсырысшы барлық қаржы жылына тұрақты құрамы бар тендерлік комиссия құрғуға құқылды.

Ескерту: 18-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің 2003 жылғы 12 желтоқсандағы N 321-НҚ, ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2005 жылғы 5 наурыздағы N 73-НҚ бұйрықтарымен.

19. Тендерлік комиссия төмендегідей функцияларды жүзеге асырады:

1) мерзімді басылымдарда ашық тендер өткізу туралы хабарландыруларды жариялады;

2) жабық конкурс өткізу туралы әлеуетті жеткізіп берушілерге хабарламалар жібереді;

3) қажет болған жағдайда, тапсырысшыға тендерлік құжаттамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде ұсыныстар енгізеді;

4) тендерлік өтінімдер бар конверттердің сақталуын қамтамасыз етеді;

5) тендерлік өтінімдер бар конверттерді ашуды жүргізеді;

6) тендерлік өтінімдерді қарайды, бағалайды, салыстырады;

7) тендерлік өтінімдерді осы Ережелерге сәйкес қабылдамай тастанады;

8) тендерлік өтінімдер бар конверттер ашылған күннен бастап жиырма күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде тендер қорытындысын шығарады;

9) тендердің қатысушыларын тендер қорытындысы туралы жазбаша түрде хабардар етеді.

Ескерту: 19-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу жөніндегі агенттігі тәрағасының 2005 жылғы 28 желтоқсандағы N 374-НҚ

, 2006 жылғы 14 тамыздағы N 204-НҚ (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қарашыз) бұйрықтарымен .

20. Тендерлік комиссияның отырысы тендерлік комиссияның жалпы санын кем дегенде үштен екі мүшелері қатысқан жағдайда өткізіледі.

Тендерлік комиссияның шешімі ашық дауыс берумен қабылданады және егер оған тендерлік комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысы берілсе, қабылданды деп есептеледі. Егер дауыстар тең болған жағдайда төраға дауыс берген шешім қабылданды деп есептеледі.

Тендерлік комиссияның мүшелері жазбаша түрде баяндалуға және ашу хаттамасына қоса берілуге немесе тендердің нәтижелерін шығаруға тиіс ерекше

п і к і р г е қ ұ қ ы ғ ы б а р .

Ескеरту: 20-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2005 жылғы 5 наурыздағы N 73-НҚ бұйрығымен .

21. Тендерлік комиссияның хатшысы тендерлік комиссиясының мүшесі болып табылмайды және тендерлік комиссия шешімдер қабылдаған кезде дауыс

қ ұ қ ы ғ ы ж о к .

Тендерлік комиссияның хатшысы әлеуетті жеткізіп берушілерге тендерлік құжаттама ұсынады, тендерлік құжаттаманы алған әлеуетті жеткізіп берушілерді тіркеу журналын жүргізеді, әлеуетті жеткізіп берушілерден тендерлік өтінімдер бар конверттерді қабылдайды, тендерлік комиссия отырыстарының күн тәртібі бойынша ұсыныстар, қажетті құжаттар, материалдар дайындайды және тендерлік комиссия отырыстарының олар өткеннен кейін хаттамаларын ресімдейді, келіп түсken тендерлік өтінімдер мен тендерлік өтінімдер бар конверттердің ұсынылған уақыты мен күні, әлеуетті жеткізіп берушінің уәкілетті өкілінің (тендерлік өтінімі бар конвертті ұсынушы және тендерге қатысуши тұлғаның) аты-жөні көрсетілген, конверттерді ашу рәсіміне қатысуға тілек білдірген әлеуетті жеткізіп берушілердің тіркеу журналын жүргізеді.

Тендерлік құжаттаманы алған әлеуетті жеткізіп берушілердің тіркеу журналы және тендерлік өтінімдерді және тендерлік өтінімдер бар конверттерді ашу рәсіміне қатысуға ниет білдірген әлеуетті жеткізіп берушілерді тіркеу журналы тігілуге, нөмірленуге, соңғы беті бірінші басшының қолымен және тапсырысшының мөрімен расталуға тиіс.

Тапсырышы қажет жағдайда хатшының жұмысын орындау үшін хатшылық құра алады, ол осы Ережемен белгіленген жағдайларда хатшылық атынан құжаттарға қол қоюға уәкілетті жауапты тұлғаны көрсетумен тапсырысшының тендерлік комиссия құру туралы бұйрығында көрсетілуі тиіс.

Ескерту: 21-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды

реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің 2003 жылғы 12 желтоқсандағы N 321-НҚ, 2006 жылғы 14 тамыздағы N 204-НҚ (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараныз) бұйрықтарымен .

22. Техникалық сарапшылар тендерлік комиссия құрамына кірмейді және тендерлік комиссия шешім қабылдаған кезде дауыс құқығы жоқ.

Техникалық сарапшылар әлеуетті жеткізіп берушілер ұсынған материалдық, қаржылық ресурстар мен қызметтердің тендерлік құжаттаманың талаптарына сәйкестігі жөнінде қорытынды береді. Сараптық қорытынды жазбаша түрде ресімделеді және тендерлік комиссия отырысының хаттамасына қоса беріледі.

22-1. Тендерлік комиссияның осы Ереженің нормаларын бұза отырып қабылданған шешімдер заңсыз деп танылады.

Ескерту: 22-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің 2006 жылғы 14 тамыздағы N 204-НҚ (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараныз) бұйрықтарымен .

10-тaraу. Тендерлік құжаттаманың мазмұны

23. Тапсырыс беруші барлық әлеуетті жеткізіп берушілерге мынадай ақпараттарды :

1) оның ұсынылған біліктілік талаптарына сәйкестігін раставаға әлеуетті жеткізіп берушілер ұсынуға тиісті құжаттардың тізбесін;

2) сатып алынатын материалдық, қаржылық ресурстар мен қызметтердің сипатын, олардың қажетті техникалық және сапалық сипаттамасын, техникалық ерекшеліктерді, жоспарларды, сызбаларды, нобайларды қоса;

3) сатып алынатын материалдық, қаржылық ресурстар мен қызметтердің санын (көлемін);

4) сатып алынатын тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді жеткізіп берудің орны мен шартын;

5) сатып алынатын тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді жеткізіп берудің талап етілген мерзімін;

6) төлем шартын және сатып алу шартының жобасын;

7) ұтып шыққан тендерлік өтінім деп белгіленуге тиісті бағалардан басқа, өлшемдердің сипатын, бағалау әдісінің сипаты мен тендерлік өтінімдерді салыстыруды;

8) тендерлік өтінімнің бағаларын есептеудің тәсілі мен әдісін, баға тасымалдау мен сақтандыруға, кеден бажын, салықтар, алымдар мен басқаларды төлеуге арналған шығыстар тәрізді элементтерді қамтуға тиіс пе, соны көрсетуді қоса;

9) тендерлік өтінімнің бағасын оларды салыстыру мен бағалау мақсатында бірыңғай валютаға сәйкес келтіру үшін қолданылатын тендерлік өтінімнің

бағасы мен бағамы көрсетілуге тиісті валютаны немесе валюталарды;

10) тендерлік өтінімді, сатып алу туралы шартты Қазақстан Республикасының тілдер туралы заңнамасына сәйкес жасаудың және ұсынудың тіліне қойылатын т а л а п т ы ;

11) тендерлік өтінімнің мерзімін көрсететін әлеуettі жеткізіп берушінің м і н д е т і т у р а л ы а қ п а р а т т ы ;

12) тендерлік өтінімді қамтамасыз етуге енгізілген тәртіпті, нысанды, мерзімді ;

13) әлеуettі жеткізіп берушінің тендерлік өтінімді ұсынудың түпкілікті мерзімі аяқталғанға дейін тендерлік өтінімді өзгерту немесе қайтарып алу құқығын және тапсырысшының, тендерлік комиссияның, тендерлік комиссия хатшысының (хатшылықтың) және техникалық сарапшылардың заңсыз іс-қимылдарына әлеуettі жеткізуашінің шағымдану құқығын көрсетуді;

14) тендерлік өтінімдерді ұсынудың орны мен түпкілікті мерзімін және о л а р д ы ң қ о л д а н ы լ ү м е р з і м і н ;

15) әлеуettі жеткізіп берушілер көмегімен тендерлік құжаттаманың мазмұны бойынша түсіндіру сұратын тәсілдерді, сондай-ақ тапсырыс берушінің осы кезеңде жеткізіп берушілермен ашық нысанда жеткізіп беретін және хаттама жасай алатын кездесулер өткізу ниеті туралы хабарды;

16) тендерлік өтінімдер бар конверттерді ашу орнын, күнін және уақытын (тендерлік өтінімдер бар конверттерді ашу уақыты, тендерлік өтінімдердің ұсынудың түпкілікті мерзімі аяқтау сәтінен бастап екі сағаттан аспауға тиіс);

17) тендерлік өтінімдер бар конверттерді ашу және тендерлік өтінімдерді қарау үшін пайдаланылатын рәсімдерді;

18) тендерді өткізу кезінде ұсынылатын тапсырыс берушінің, оның уәкілетті лауазымды тұлғалары туралы мәліметтерді;

19) әлеуettі жеткізіп берушілерге - жауапты тауар өндірушілерге басымдық берудің шарты мен тәртібін қамтитын тендерлік құжаттаманы ұсынуға міндettі.

Ескерту: 23-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің 2006 жылғы 14 тамыздағы N 204-НҚ (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) бұйрығымен .

24. Біртекtes тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу жөнінде тендер өткізу кезінде тапсырыс беруші тендерлік құжаттамада тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді оларды жеткізіп беру (орындау, көрсету) орны бойынша бөлікке (лотқа) бөлуге міндettі. Сонымен бірге тендердің женімпазы тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің әрбір лоты бойынша айқындаады .

Ескерту: 24-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2005 жылғы 5 наурыздағы N 73-НҚ бұйрығымен .

25. Әлеуетті жеткізіп беруші тапсырыс берушіден тендерлік құжаттаманың түсініктемесін, тендерлік өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі аяқталғанға дейін он күнтізбелік күн бұрын сұратуға құқылы. Тапсырыс беруші өтінімді алған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей осы сауалға жауап беру және мұндай түсініктемені тендерлік құжаттама жолдаған барлық әлеуетті жеткізіп берушілерге жіберуге тиіс.

Ескерту: 25-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің 2003 жылғы 12 желтоқсандағы N 321-НҚ бұйрығымен .

26. Тапсырыс беруші өз бастamasы бойынша тендерлік өтінімді ұсынудың түпкілікті мерзімі аяқталғанға дейін жеті жұмыс күнінен кешікпейтін мерзімде немесе әлеуетті жеткізіп берушілердің сауалына берген жауапқа тапсырысшының бірінші басшысының немесе оның міндетін атқарушы адамның шешім қабылдауы немесе бұйрық (бұйрықтар) шығаруы жолымен тендерлік құжаттамаға өзгерістер енгізуге құқылы.

Енгізілген өзгерістердің міндетті күші бар және олар туралы тендерлік құжаттама ұсынған барлық әлеуетті жеткізіп берушілер дереу хабардар етіледі. Сонымен бірге тендерлік өтінімдер ұсынудың түпкілікті мерзімін тапсырыс беруші тендерлік өтінімдердегі осы өзгерістерді әлеуетті жеткізіп берушілердің ескеруі үшін кем дегенде он күнтізбелік күн мерзіміне ұзартады.

Ескерту: 26-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің 2003 жылғы 12 желтоқсандағы N 321-НҚ , 2007 жылғы 16 шілдедегі N 189-НҚ (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

27. Тапсырыс беруші тендерлік құжаттамада көрсетілген белгілі орны мен уақытта тендерлік құжаттаманың ережелерін түсіндіру үшін әлеуетті жеткізіп берушілермен кездесулер өткізуге құқылы.

Сонымен бірге тапсырыс беруші кездесу барысында тендерлік құжаттаманы түсіндіру туралы қойылған сұрақтарды, сондай-ақ осы сұрақтарға берілген жауаптарды қамтитын хаттама жасайды. Хаттама тендерлік құжаттама ұсынған барлық әлеуетті жеткізіп берушілерге дереу жіберіледі.

28. Тендерлік құжаттаманы тапсырыс беруші бекітеді.

29. Тапсырыс беруші ұсынылған тендерлік құжаттама үшін тендерлік құжаттаманы көшіруге жұмсалған нақты шығыннан аспайтын төлем өндіріп алуға құқылы .

Төлем тапсырыс берушінің банктік шотына немесе оның бухгалтериясына енгізіледі. Төлем туралы растау тапсырыс берушіге тендерлік құжаттаманы алған көздеге үснілады .

Тендерлік құжаттама тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді өндіретін шағын

кәсіпкерлік субъектілері мен ұйымдарына, Қазақстан Республикасы мүгедектері құрған қоғамдық бірлестіктеріне тегін беріледі.

11-тарау. Тендерлік өтінімдердің қолданылу мерзімі, мазмұны, оны беру, өзгерту және қайтарып алу

30. Тендерге қатысуға тілек білдірген әлеуettі жеткізіп беруші тендерлік өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі аяқталғанға дейін тапсырыс берушіге тендерлік құжаттамаға сәйкес тендерлік өтінімді мөрленген түрде ұсынуға міндettі.

31. Тендерлік өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі аяқталғаннан кейін алынған тендерлік өтінім ашылмайды және оны ұсынған әлеуettі жеткізіп берушіге қайтарылады.

32. Тендерлік өтінім онда тендерлік құжаттамаға сәйкес көрсетілген мерзім ішінде күшінде қалаады.

Тендерге қатысу үшін әлеуettі жеткізіп беруші ұсынған тендерлік өтінімнің қолданылу мерзімі кем дегенде отыз бес күнтізбелік күн болуға тиіс.

Тендерлік құжаттамада көрсетілген қолданылу мерзімі барынша қысқа болса, тендерлік өтінім қабылданбайды.

Ескерту: 32-тармақта өзгерту енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің 2003 жылғы 12 желтоқсандағы № 321-НҚ бұйрығымен .

33. Тендерге қатысуға тілек білдірген, занды тұлға болып табылатын әлеуettі тұлғаның тендерлік өтінімі:

- 1) 3-қосымшаға сәйкес тендерге қатысуға арналған өтінімді;
- 2) әлеуettі жеткізіп берушіге ұсынған біліктілік талаптарына сәйкес раставу құжаттарын :

әлеуettі жеткізіп берушінің сатып алынатын материалдық, қаржылық ресурстар мен қызметтерді өндіруге, өндеуге, жеткізіп беруге және өткізуге құқығын ратайтын лицензиялардың және/немесе патенттердің, куәліктердің, сертификаттардың, дипломдардың, басқа құжаттардың нотариалды куәландырылған (не занмен белгіленген нысандағы) көшірмелерін;

егер сатып алынған жұмыстар мен қызметтер лицензияланбаған жағдайда, онда әлеуettі жеткізіп беруші орындастырын қызметтер түрлерінің тізбесі бар занды тұлға жарғысынан алынған үзіндінің нотариалды куәландырылған көшірмесін немесе сауда тізілімінен (Қазақстан Республикасының резидент еместері үшін) мемлекеттік және/немесе орыс тілдеріне аудармасы бар нотариалды куәландырылған зандастырылған үзіндіні ұсынуы қажет;

бірінші басшы немесе оның орнын алмастыратын тұлға, сондай-ақ бас

бухгалтер (бухгалтер) қол қойған бухгалтерлік теңгерімінің түпнұсқасын немесе нотариалды куәландырылған көшірмесін;

Қазақстан Республикасының заң актілерімен аудитті міндettі түрде өткізу белгіленген заңды тұлғалардың соңғы қаржылық жыл үшін аудиторлық есебінің түпнұсқасын немесе нотариалды куәландырылған көшірмесін;

заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы куәліктерінің нотариалды куәландырылған көшірмесін;

статистикалық карточканың нотариалды расталған көшірмесін;

егер ықтимал өнім беруші Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмаған жағдайда, онда статистикалық карточканың нотариалды расталған көшірмесін ұсыну талап етілмейді;

құрылтай шартынан немесе құрылтайшылар құрамы туралы жарғыдан алынған нотариалды куәландырылған үзіндіні, не конверттерді ашу күнінің алдындағы 30 күнтізбелік күннен кешіктірмей берілген акциялар ұстаушыларының тізілімінен нотариалды куәландырылған көшірмесін;

тендерлік өтінімдерімен конверттерді ашқан күнге дейін үш айдан кешіктірмей берілген Қазақстан Республикасы бойынша салық төлеушінің салық берешегінің, міндettі зейнетакы жарналар мен әлеуметтік аударымдар бойынша берешегінің жоқтығы туралы белгіленген нысандағы анықтама;

ықтимал өнім берушінің тендерлік өтінімдері бар конверттерді ашу күнінің алдындағы үш ай бұрын, банктің (банктердің) алдында мерзімі өткен берешектерінің болмауы туралы (егер ықтимал өнім беруші екінші деңгейдегі бірнеше көптеген банктердің немесе филиалдардың, сондай-ақ шетел банкінің клиенті болып табылған жағдайда, мұндай анықтама осындай банктердің әрқайсысынан ұсынылады) бірінші басшының немесе тиісті он растауы болған жағдайда, оны алмастыратын тұлғаның және бас бухгалтердің қолы мен банктің (банктердің) мөрі бар банктің (банктердің) анықтамасы;

банк (банктер) алдында әлеуетті жеткізуашінің мерзімі өткен берешегінің жоқтығы туралы тендерлік өтінімдерімен конверттерді ашу күнінің алдындағы үш ай бұрын банктің (банктердің) анықтамасы. Егер әлеуетті жеткізуаші екінші деңгейдегі бірнеше банктердің немесе филиалдардың, сондай-ақ шетелдік банктің клиенті болып табылған жағдайда, осындай анықтама банктің (банктердің) мөрі басылған бірінші басшысының қолымен немесе оны алмастыратын тұлғаның қолымен мұндай банктердің әрқайсысынан беріледі.

Егер анықтамада банктің бірінші басшысының қолы болмаса, онда анықтамамен осындай анықтамаға осы тұлғаның қол қою құқығы берілгенін көздейтін құжаттың көшірмесімен берілуге тиіс;

калған жағдайларда, егер Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмайтын ықтимал өнім берушіге осы тармақта көзделген ұсынылуға тиісті

құжаттар ұсынылмаса, онда бұл өнім беруші жоғарыда көрсетілген талаптарды
растайтын құжаттар ұсынылады;

төлем мерзімі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мерзімі өткен
жағдайларда, осы салық органдының бірінші басшысының немесе қол қоюға
құқығы бар тұлғаның мөрленіп, қолы қойылған анықтаманы қамтуға тиіс;

қосымша құн салығы бойынша есепке алу туралы қуәлігінің нотариалды
куәландырылған көшірмесі;

3) әлеуетті жеткізіп беруші ұсынып отырған бағаны, жеткізіп берілетін
материалдық, қаржылық ресурстар мен қызметтердің, ілеспе қызметтердің құнын
қоса, түпкілікті бағасын құрайтын әлеуетті жеткізіп берушінің барлық нақты
шығындарын қамтуға тиіс 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынылған соңғы
бағаны;

4) тауарлардың шыққан жері мен сапасы қуәліктерінің және/немесе
сертификаттарының нотариалды қуәландырылған көшірмелерін (не заңмен
белгіленген нысандағы көшірмесін), сондай-ақ сатып алуға арналған
материалдық, қаржылық ресурстар мен қызметтердің қолайлылығын және
тендерлік құжаттаманың сәйкестігін растайтын басқа құжаттарды;

5) техникалық сертификаттарды;

6) ұсынып отырған ілеспе қызметтерді;

7) тендерлік өтінімді қамтамасыз етудің енгізілуін растайтын құжаттың
тұпнұсқасын;

8) тендерлік құжаттамаға сәйкес ұсынуға қажетті және басқа да құжаттарды
қамтуға тиіс.

Ескерту: 33-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды
реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің 2003 жылғы 12
желтоқсандағы N 321-НҚ, ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2005
жылғы 5 наурыздағы N 73-НҚ, 2005 жылғы 28 желтоқсандағы N 374-НҚ, 2006
жылғы 3 наурыздағы N 63-НҚ, 2006 жылғы 14 тамыздағы N 204-НҚ (кітаптау
қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) бұйрықтарымен.

34. Тендерге қатысуға тілек білдірген жеке кәсіпкерлік немесе жеке тұлға
болып табылатын әлеуетті жеткізіп беруші ұсынатын тендерлік өтінім:

1) тендерге қатысуға арналған 5-қосымшаға сәйкес өтінімді және жеке
қуәлігінің немесе паспортының немесе жеке басын қуәланыратын құжаттардың
орын алмастыруға қабылдау туралы ішкі істер органдары берген анықтаманың
көшірмесін;

2) әлеуетті жеткізіп берушіге ұсынған біліктілік талаптарына сәйкес растау
құжаттарын:

әлеуетті жеткізіп берушінің сатып алынатын материалдық, қаржылық
ресурстар мен қызметтерді өндіруге, өндеуге, жеткізіп беруге және өткізуге

құқығын растайтын лицензиялардың және/немесе патенттердің, куәліктердің, сертификаттардың, дипломдардың, басқа құжаттардың нотариалды куәландарылған (не заңмен белгіленген нысандағы) көшірмелерін;

занды тұлға құрмай-ақ кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға құқық беретін, тиісті мемлекеттік орган берген құжаттың нотариалды куәландарылған көшірмесін;

банк (банктер) алдында әлеуетті жеткізуашінің мерзімі өткен берешегінің жоқтығы туралы тендерлік өтінімдерімен конверттерді ашу күнінің алдындағы үш ай бұрын банктің (банктердің) анықтамасы. Егер ықтимал өнім беруші екінші деңгейдегі бірнеше банктердің немесе филиалдардың, сондай-ақ шетелдік банктің клиенті болып табылған жағдайда, осындай анықтама банктің (банктердің) мөрі басылған бірінші басшысының қолымен немесе оны алмастыратын тұлғаның қолымен мұндай банктердің әрқайсысынан беріледі. Егер анықтамада банктің бірінші басшысының қолы болмаса, онда анықтамамен осындай анықтамаға осы тұлғаның қол қою құқығы берілгенін көздейтін құжаттың көшірмесімен берілуге тиіс;

тендерлік өтінімдерімен конверттерді ашқан күнге дейін үш айдан бұрын болмайтын Қазақстан Республикасы бойынша салық төлеушінің салық берешегінің, міндетті зейнетақы журналары мен әлеуметтік аударымдары бойынша берешегінің жоқтығы туралы тиісті салық орган белгілеген нысандағы анықтама;

3) әлеуетті жеткізіп беруші ұсынып отырған бағаны, жеткізіп берілетін материалдық, қаржылық ресурстар мен қызметтердің, түпкілікті бағасын құрайтын әлеуетті жеткізіп берушінің барлық нақты шығындарын қамтуға тиіс 4-косымшаға сәйкес нысан бойынша соңғы бағаны;

4) куәліктердің және/немесе сертификаттардың нотариалды куәландарылған көшірмелерін (не заңмен белгіленген нысандағы көшірмесін), сатып алуға арналған материалдық, қаржылық ресурстар мен қызметтердің қолайлылығын және тендерлік құжаттаманың сәйкестігін растайтын басқа құжаттарды;

5) техникалық сертификаттарды;

6) ұсынып отырған ілеспе қызметтерді;

7) тендерлік өтінімді қамтамасыз етудің енгізілуін растайтын құжаттың тұпнұсқасын қамтуға тиіс.

Ескеरту: 34-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2006 жылғы 14 тамыздағы N 204-НҚ (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) бұйрығымен .

35. Әлеуетті жеткізіп беруші өзінің тендерлік өтінімін ұсынудың түпкілікті мерзімі аяқталғанға дейін, сонымен бірге өзінің тендерлік өтінімін кепілді қамтамасыз етілуін, қайтаруға берілген құқығын жоғалтпастан өзгертуге немесе

қайтаруға құқылы. Қайтарып алу туралы хабарламаны әлеуетті жеткізіп беруші жазбаша нысанда, бірақ тендерлік өтінімдер ұсынудың түпкілікті мерзімінен кешіктірмей жіберуге тиіс.

Тендерлік өтінімді ұсынудың түпкілікті мерзімі аяқталғаннан кейін тендерлік өтінімдерге өзгерістер енгізуге жол берілмейді.

36. Әлеуетті жеткізіп беруші тендерлік өтінімді тігілген, беттері нөмірленген түрде ұсынады және соңғы беті мөрмен расталады.

Тендерлік өтінімнің техникалық бөлігі (тігілген, беттері нөмірленген түрде заңды тұлға немесе жеке кәсіпкер үшін соңғы беті қойылған қолмен немесе мөрмен расталған) мен банк кепілдігінің түпнұсқасы тендерлік өтінімге жеке беріледі. Бұл ретте, егер техникалық ерекшелік және (немесе) банктік кепілдік тендерлік өтініммен бірге тігілсе, онда ол осы тендерлік өтінімнен бас тартуға негіз болып табылмайды. Мұндай жағдайда банктік кепілдіктің түпнұсқасы әлеуетті жеткізушіге қайтарылмайды.

Ескерту: 36-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2006 жылғы 14 тамыздағы N 204-НҚ (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) бүйрығымен .

37. Әлеуетті жеткізіп беруші "Түпнұсқа" және "Көшірме" деп көрсете отырып, тендерлік құжаттамада тапсырыс беруші қажетіне қарай көрсетілген тендерлік өтінім көшірмелерінің қажетті санын ұсынады.

Тендерлік өтінім түпнұсқалардың көшірмелері машинкада басылуға немесе өшірілмейтін сиямен жазылуға немесе оған әлеуетті жеткізіп беруші қол қоюға тиіс.

Тендерлік өтінім жолдарының арасында ешқандай сөз енгізу, өшіру немесе қосып жазу, әлеуетті жеткізіп берушіге грамматикалық немесе арифметикалық қателерді түзету жағдайларын қоспағанда, болмауға тиіс.

38. Әлеуетті жеткізіп беруші тендерлік өтінімнің түпнұсқасы мен әрбір көшірмесін, оларды "Түпнұсқа" және "Көшірме" деп белгілей отырып, әртүрлі конверттерге салып мөрлейді. Осы конверттерде әлеуетті жеткізіп берушінің атауы мен мекен-жайы көрсетілуге тиіс, бұдан кейін сыртқы конвертке салынып мөрленеді.

Ішкі және сыртқы конверттерде:

1) тендерлік құжаттамада көрсетілген мекен-жай бойынша тапсырыс берушіге жолдануға ;

2) " _____ сатып алу жөніндегі тендер"
(тендердің аты)

және _____
(тендерлік құжаттамасында көрсетілген конверттерді ашу күні
және уақыты)

Осы ереженің 35-тармағында көзделген тендерлік өтінімді өзгертуді әлеуетті жеткізіп беруші дайындауға және тендерлік өтінімнің өзі сияқты ұсынуға тиіс.

12-тарау. Тендерлік өтінімді қамтамасыз ету

39. Әлеуетті жеткізіп беруші тендерлік өтінімді ұсынған кезде, сонымен бір мезгілде тендерлік құжаттамада көзделген тәсілмен және шарттар нысанында оның тендерлік өтінімде ұсынылған сатып алынатын материалдық, қаржылық ресурстар мен қызметтер құнының бірден үш процентке дейінгі мөлшерде кепілді қамтамасыз етуді енгізді.

Ескерту: 39-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2006 жылғы 14 тамыздағы N 204-НҚ (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) бүйрығымен .

40. Тендерлік өтінімді қамтамасыз ету:

- 1) банкте орналастырылған ақша кепілі;
- 2) банк кепілі түрінде ұсынылуы мүмкін;
- 3) Тапсырыс берушінің кассасына ақша қаражаттарын енгізу.

Тендерлік өтінімді ақша кепілі түрінде қамтамасыз етуді әлеуетті жеткізіп беруші тапсырыс берушінің тиісті шотына енгізеді.

Ескерту: 40-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2005 жылғы 5 наурыздағы N 73-НҚ бүйрығымен .

41. Тендерлік өтінімді қамтамасыз етудің қолданылу мерзімі тендерлік өтінімнің өзінің қолданылу мерзімінен кем болмауға тиіс.

42. Тапсырыс беруші тендерлік өтінімді қамтамасыз етуді мынадай:

- 1) тендерлік өтінімнің қолданылу мерзімі аяқталған;
- 2) сатып алу шарты күшіне енген;
- 3) тендерлік өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі аяқталғанға дейін тендерлік өтінімді қайтарып алған;
- 4) тендерлік құжаттама талаптарына жауап бермейтін ретінде тендерлік өтінімді қабылдаған ;
- 5) тендер женімпазын айқындастан сатып алу рәсімін тоқтатқан жағдайлар болған сәттен бастап бес жұмыс күнінің ішінде қайтарады.

43. Тендерлік өтінімді қамтамасыз ету тендерлік өтінімді және оның қамтамасыз етілуін ұсынған әлеуетті жеткізіп берушіге егер әлеуетті жеткізіп б е р у ш і :

- 1) тендерлік өтінімді берудің түпкілікті мерзімі аяқталғаннан кейін тендерлік

өтінімді қайтарып алған немесе өзгерткен;

2) сатып алу шартын жасамаған, егер ол тендер жөнімпазы деп белгіленген жағдайларда қайтарылмайды.

44. Шағын кәсіпкерліктің субъектілері мен Қазақстан Республикасы мүгедектерінің қоғамдық бірлестіктерімен құрылған тауарлар, жұмыстар мен қызметтер өндіретін ұйымдар болып табылатын әлеуетті жеткізушілер тендерлік құжаттамада көзделген тәсіл мен шарттар нысанда олардың тендерлік өтінімдерінде ұсынылған, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің құнынан бірден бір жарым процентке дейін мөлшерде тендерлік өтінімнің кепілдікті қамтамасыз етуін енгізеді.

Ескерту: 44-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2006 жылғы 14 тамыздағы N 204-НҚ (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) бүйріғымен .

44-1. Әлеуетті жеткізушілер, егер:

1) шағын кәсіпкерліктің субъектілері болып табылса және тұтастай тендер бойынша олар ұсынатын тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің көлемі құндық көрінісінде айлық есептік көрсеткіштен алты мың есе мөлшерден аспаса;

2) Қазақстан Республикасы мүгедектерінің қоғамдық бірлестіктерімен құрылған тауарлар, жұмыстар мен қызметтер өндіретін ұйымдар болып табылса, тендер бойынша олар ұсынатын тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің көлемі құндық көрінісінде айлық есептік көрсеткіштен он сегіз мың есе мөлшерден аспаса ;

3) екі кезеңді рәсімдерді пайдалана отырып тендердің бірінші кезеңіне қатысса тендерлік өтінімнің қамтамасыз етуін енгізбейді.

Ескерту: 44-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2006 жылғы 14 тамыздағы N 204-НҚ (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) бүйріғымен .

13-тaraу. Тендерлік өтінімдері бар конверттерді ашу

45. Тендерлік өтінімдері бар конверттерді тендерлік құжаттамада көрсетілген мерзімде және орында тендерлік комиссия ашады.

Әлеуетті жеткізіп берушілер не олардың өкілдері тендерлік өтінімдерді ашу кезінде қатысуға және бейне- және дыбыс техника құралдарын пайдалануға құқылы .

Ескерту: 45-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің 2007 жылғы 16 шілдедегі N 189-НҚ (алғаш рет реңми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бүйріғымен.

46. Тендерлік өтінімдері бар конверттерді ашу кезінде тендерлік комиссия қатысушы тұлғаларға тендерге қатысушы әлеуетті жеткізіп берушілердің атауы мен мекен-жайын, олар ұсынған бағаларды, жеткізіп берудің шарты мен төлемін, тендерлік өтінімдерді қайтарып алу мен өзгертуді, егер олар құжаттамада көрсетілсе, тендерлік өтінімді құрайтын құжаттардың болуы мен болмауы туралы ақпаратты хабарлайды және осы ақпаратты тендерлік өтінімдері бар конверттерді ашу хаттамасына тіркейді.

Тендерлік өтінімдері бар конверттерді ашу хаттамасының көшірмесі ашу рәсімі кезінде қатысқан әлеуетті жеткізіп берушілерге алған күні мен уақытын көрсете отырып, қолдарын қойғызып беріледі, жоқ болғандарға - олардан тиісті сұраным алған күннен бастап үш жұмыс күннен кешіктірмейтін мерзімде жолданады.

Ескерту: 46-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің 2003 жылғы 12 желтоқсандағы N 321-НҚ, 2006 жылғы 14 тамыздағы N 204-НҚ (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

46-1. Тендерлік өтінімдер бар конверттерді ашу хаттамасы тендерлік өтінімдер бар конверттер жоқ болған жағдайда жасалмайды.

Ескерту: 46-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің 2007 жылғы 16 шілдедегі N 189-НҚ (алғаш рет реңми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14-тaraу. Тендерлік өтінімдерді бағалау және салыстыру

47. Тендерлік өтінімдерді бағалағанда және салыстырганда:

1) тендерлік комиссия әлеуетті жеткізуішіден олардың тендерлік өтінімдеріне сәйкес түсінік сұраттыруға құқылы;

2) тендерлік өтінімді тендерлік құжаттардың талаптарына сәйкес келмейтін ұсыныстар және рұқсаттар бойынша сауалдама жасауға жол берілмейді.

48. Тендерлік комиссия өтінімді мынандай жағдайда кері қайтарады:

1) әлеуетті жеткізуіші біліктілік талаптарына сәйкес келмесе;

2) тендерлік құжатта қаралған шартқа сәйкес әлеуетті жеткізуіші өтінімнің сол нысандағы көлемде өтінімді қамтамасыз етпесе;

3) тендерлік өтінім тендерлік құжаттың талаптарына жауап бермесе;

4) тендерге қатысуға жіберілген әлеуетті жеткізуішілердің тендерлік өтінімдерінің бағалары осы материалдық, қаржылық ресурстар мен қызметтерді сатып алуға бөлінген қаржыдан артық болса.

48-1. Тендерлік комиссия бас тартқан тендерлік өтінім бағалауға және тендерлік өтінімдерді салыстыруға қабылдана алмайды.

Ескерту: 48-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2006 жылғы 14 тамыздағы N 204-НҚ (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) бұйрығымен .

49. Тендерлік комиссия тендерді немесе сатып алуды лот бойынша мынадай жағдайда өткерілмеген деп таниды, егер:

1) тендерге қатысуға біліктілік талаптарын қанағаттандыратын кем дегенде екі ықтимал өнім берушіден тендерлік өтінім түскен жағдайда;

1-1) тендерге қатысуға тендерлік құжаттаманың талаптарына жауап беретін кем дегенде екі тендерлік өтінім ұсынылған жағдайда;

2) ұсынылған барлық тендерлік ұсынымдар тендерлік құжаттаманың талаптарына жауап бермегендік ретінде қабылданбаған жағдайда;

3) тендерге қатысуға бір ғана ықтимал жеткізуші өтінім берген жағдайда.
Тендерлік өтінімі бар конверт ықтимал өнім берушіге ашылмастан қайтарылады.

Ескерту: 49-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2005 жылғы 5 наурыздағы N 73-НҚ , 2007 жылғы 16 шілдедегі N 189-НҚ (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

50. Егер тендер жалпы немесе қандай да лот бойынша өткізілмеген деп танылған кезде, тапсырыс беруші:

1) қажет болғанда тендерлік құжаттаманы өзгертеді және қайта тендер өткізді ;

2) тендерді екі кезеңдік ресімді пайдаланып өткізді.

Қайта ашық тендер өткізу қажет болғанда тапсырысшы тендерлік өтінім қабылдау аяқталғанға дейін он күнтізбелік күн бұрын мерзімді баспасөзде х а б а р л а м а ж а р и я л а й д ы .

Осы тармақта көрсетілген іс-қимылдар тапсырысшының бірінші басшысының немесе оның міндетін атқарушы адамның шешімімен немесе бұйрығымен (бұйрықтарымен) ресімделеді.

Ескерту: 50-тармаққа өзгерту, толықтыру енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің 2003 жылғы 12 желтоқсандағы N 321-НҚ , 2007 жылғы 16 шілдедегі N 189-НҚ (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

51. Тендерлік комиссия тендерлік комиссия бас тартпаған тендерлік өтінімдерді бағалайды және салыстырады, мынадай өлшемдер негізінде немесе тендердің ең төменгі бағасы бойынша жеңімпазды анықтайды:

- 1) пайдалануға кеткен шығыны, жөндеу және техникалық қызмет;
- 2) тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді жеткізіп беру мерзімі;

3) материалдық ресурстардың функционалдық, техникалық және сапалық сипаттамасы;

4) төлемнің шарты;

5) тауарларға, жұмыстар мен қызметтерге арналған кепілдіктердің шарттары;

6) отандық тауар өндірушілерді - әлеуетті жеткізіп берушілерді қолдау;

7) әлеуетті жеткізіп берушінің біліктілік туралы деректері.

Ескерту: 51-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2005 жылғы 5 наурыздағы N 73-НҚ, 2006 жылғы 14 тамыздағы N 204-НҚ (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) бүйрықтырымен .

5 1 - 1 . < * >

Ескерту: 51-1-тармақ алғынып тасталды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу жөніндегі агенттігі төрағасының 2005 жылғы 28 желтоқсандағы N 374-НҚ бүйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз).

52. Тендерлік комиссия тендерлік жеңімпазды анықтаған кезде отандық әлеуетті жеткізіп берушілердің тендерлік өтінімінің бағасын шартты 20 пайызға төмөндетеді .

Отандық тауар өндірушілер - 85 пайыздан кем емес жергілікті еңбек ресурстарын пайдаланатын, Қазақстан Республикасының резиденті және Қазақстан Республикасының аумағында пайдалануға дайын тауар өндіретін, занды немесе жеке тұлға.

53. Тендерлік комиссия тендердің қорытындысын тендерлік өтінімдер конверттері ашылғаннан кейін жиырма күн мерзімінен кешіктірмей қорытындылады .

Ескерту: 53-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2006 жылғы 3 наурыздағы N 63-НҚ бүйрығымен .

54. Тапсырысшы жеті жұмыс күні ішінде тендердің (бір көзден сатып алу) қорытындыларын шығарған күнінен бастап барлық қатысқан әлеуетті жеткізіп берушілерді тендер өткізілетіні туралы хабарландыру жарияланған мерзімді баспасөз басылымында тендердің атауын, жеңімпазды, тендер жеңімпазы ұсынған тауардың, жұмыстың және қызметтің атауы мен бағасын көрсете отырып, тендердің нәтижелерін жариялау арқылы хабардар етеді.

Ескерту: 54-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2006 жылғы 14 тамыздағы N 204-НҚ (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) бүйрығымен .

5 5 . < * >

Ескерту: 55-тармақ алғынып тасталды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2006 жылғы 14 тамыздағы N 204-НҚ (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) бүйрығымен .

15 тарау. Тендердің қорытындысы туралы хаттама

56. Тендер арқылы сатып алуды іске асырган кезде, тендерлік комиссия тендердің қорытындысы жөнінде мынадай ақпаратты қамтитын хаттаманы рәсімдеге міндетті:

1) сатып алынатын материалдық, қаржылық ресурстар мен көрсететін қызмет түрлерінің қысқаша сипаттамасы мен атауы;

2) тендерлік өтінімді ұсынған әлеуettі жеткізіп берушілердің мекен-жайлары мен атаулары;

3) тендерлік өтінім ұсынған әлеуettі жеткізіп берушілердің біліктілік дөректері;

4) әр тендерлік өтінімнің бағасы мен басқа негізгі шарттары;

5) тендерлік өтінімдерді салыстыру мен бағасын жазу;

6) тендерлік өтінімді кері қайтарғанда - оларды кері қайтарудың негіздері;

7) әр лот бойынша тендер жеңімпазының атауы мен мекен-жайы, жеңімпазды анықтаудың шарттары;

8) егер тендер жеңімпазы анықталмаған кезде - комиссияның ондай шешім қабылдауда негізі;

9) тендерлік құжаттарды сұрастырудың толық жазбасы, оларға жауаптар, сонымен катар тендерлік құжаттардың өзгертулері мен толықтыруларына жазбалар;

10) сатып алу туралы шартқа қол қойылатын мерзімі (тендер жеңімпазының хабарды алған күнінен бастап он жұмыс күнінен артық емес);

11) техникалық сарапшылар тарту туралы ақпарат;

12) егер конкурс өткен жағдайда, онда Тапсырыс беруші Тізбеде көзделген осы тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу үшін бөлген сома.

Ескерту: 56-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2005 жылғы 5 наурыздағы N 73-НҚ бұйрығымен, 2005 жылғы 28 желтоқсандағы N 374-НҚ бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз).

57. Тендерге қатысушының талабы бойынша оған тендер жеңімпазының тандалуы жайында және нәтижесі туралы толықтай ақпарат жазба түрінде берілуі тиіс.

57-1. Әлеуettі жеткізіп беруші уәкілетті органға тапсырысшының, тендерлік комиссияның, тендерлік комиссия хатшысының (хатшылығының) және техникалық сарапшылардың заңсыз іс-қимылдарына шағымдануға құқылы.

Ескерту. 57-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2006 жылғы 14 тамыздағы N 204-НҚ (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) бұйрығымен .

57-2. Ескерту. 57-2-тармақ алып тасталды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2007 жылғы 16 шілдедегі N 189-НҚ (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен .

3-бөлім. Басқа жолдармен сатып алуды іске асыру 16-тaraу. Жабық тендер

58. Тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу тапсырысшыға бұрын белгілі болған, ықтимал өнім берушілердің шектеулі санында ғана болған жағдайда жабық тендер өткізіледі.

Ескерту. 58-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2007 жылғы 16 шілдедегі N 189-НҚ (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен .

58-1. Ескерту. 58-1-тармақ алып тасталды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2007 жылғы 16 шілдедегі N 189-НҚ (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен .

59. Жабық тендер өткізу туралы хабар барлық әлеуетті жеткізіп берушілерге, сатып алынатын тауарлар, жұмыстар және көрсетілетін қызмет түрлері оларда нақтылай болғанда, тендерге қатынасуга өтінімдерді қабылдаудың мерзімі аяқталуына жиырма күн қалғаннан кешіктірілмей жіберіледі.

Хабар жіберілетін әлеуетті жеткізіп берушілердің тізімін тапсырыс берушінің басшысы бекітеді.

60. Жабық тендер арқылы сатып алу іске асырылған кезде осы Ереженің 2-бөлімінде қаралған нормалар қолданылады.

17-taraу. Екі кезеңдік рәсімдеу арқылы өткізілетін тендер

61. Екі кезеңдік рәсімдеу арқылы тендер мынадай жағдайда өткізіледі:

1) сатып алынатын материалдық, қаржылық ресурстар мен көрсететін қызмет түрлерінің айрықшылығына байланысты қалыптастырудың, сондай-ақ техникалық мінездемесінің және сапа көрсеткішін анықтаудың күрделілігі;

2) ғылыми зерттеулер, тәжірибелер, іздестірулер, өзірлеулер жасаудың қажеттігі ;

3) бір кезеңдік ашық немесе жабық тендер өткізу жеңімпазды анықтай алмаса.

62. Екі кезеңдік рәсімді пайдаланып тендер өткізу келесі кезеңдердің жиһнитығы болып есептеледі:

1) тендерлік құжаттардың негізінде әлеуettі жеткізіп берушілерден сатып алынатын материалдық, қаржылай ресурстардың және көрсететін қызмет түрлерінің техникалық, сапалық сипаттамасы, оларды жеткізудің талаптары (орындалуы, көрсетілуі); әлеуettі жеткізіп берушінің өтінімдерге сәйкес ұсынған алғашқы өтінімін бағаны көрсетпестен қарау; әлеуettі жеткізіп берушінің біліктілік деректерін қарау; керек болған жағдайда материалдық, қаржылық ресурстардың және көрсетілетін қызмет түрлерінің тиісті біліктілік талаптарына, техникалық, сапалық және басқа сипаттарға сәйкестігі, шарттың жағдайы, оларды жеткізу (орындалуы, көрсетілуі);

2) әлеуettі жеткізіп берушінің ұсынған техникалық, сапалық және басқа да, материалдық, қаржылай ресурстар және көрсететін қызмет түрлері сипатының негізінде тапсырыс берушінің тендерлік құжатқа өзгерту енгізуі; тендердің бірінші кезеңінен өткен әлеуettі жеткізіп берушілердің түпкілікті өтінім беруі; оны бағалау және баға ұсынысына, өлшем белгісіне байланысты салыстыру; тендердің қорытындысын шығару.

63. Түпкілікті тендерлік өтінімдер бар конвертті ашқаннан соң он күндік мерзімнен асырмай тендерлік комиссия екі кезеңдік рәсімді пайдаланып тендердің қорытындысын шығарады.

18-тaraу. Бағалар ұсыныстарына сұраным

64. Бағалар ұсыныстарын пайдалану арқылы жеткізуіні таңдау айрықшылығы, тапсырыс беруші үшін мәнділікке ие емес, қолда бар тауарлар, жұмыстар және қызметтер шешуші талап баға болып табылатын ретпен жүргізіледі .

Ескерту: 64-тармаққа өзгертулер енгізілді - КР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2005 жылғы 5 наурыздағы N 73-НҚ бұйрығымен .

65. Құнды ұсыныстар сұрату, тауарларды, (жұмыстарды, қызметтерді) сатып алудың жылдық көлемі табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркелімінің республикалық бөліміне енгізілген табиғи монополиялар субъектілері үшін - төрт мың айлық есептік көрсеткіштен; табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркелімінің жергілікті бөліміне енгізілген табиғи монополиялар субъектілері үшін - екі мың айлық есептік көрсеткіштерден аспаған жағдайда ғана пайдаланылады.

Ескерту: 65-тармақ жаңа редакцияда жазылды, өзгертулер енгізілді - КР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2005 жылғы 5 наурыздағы N 73-НҚ , 2005 жылғы 28 желтоқсандағы N 374-НҚ , 2006 жылғы 14 тамыздағы N 204-НҚ (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараныз) бұйрығымен .

66. Баға ұсыныстары бойынша жеткізушіні таңдау мақсатында жыл бойы сатып алынатын біркелкі тауарлар көлемін қаржыландыру жылы бойынша бөлшектеуге жол берілмейді.

Ескерту: 66-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2005 жылғы 5 наурыздағы N 73-НҚ бүйрығымен .

67. Тапсырыс беруші сатып алынатын материалдық ресурстар бойынша ұсыныстарды жазба түрде екеуден кем емес тапсырушымен өздері қосылған және/немесе әлеуетті жеткізіп берушіден түскен барлық баға ұсыныстарын белгіленген мерзімде қарайды, сатып алу туралы шарт тапсырыс беруші мен ең тәменгі баға ұсынған әлеуетті жеткізіп беруші арасында жасалады.

67-1. Әрбір әлеуетті жеткізіп беруші бір ғана баға ұсыныстарын ұсынады, ол жазбаша түрде (төлеуге арналған шот, web-сайтың ақпаратты және басқа да) ресімделуге тиіс. Жеке тұлғалардың баға ұсынысы жеке куәлігінің нөмірін және банктік деректемелерін, егер олар болса, көрсете отырып, тапсырысшы басшысының атына өтініш түрінде ресімделеді.

Егер сатып алынатын тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатуға және жеткізуға арналған қызмет міндепті лицензиялауға жататын болған жағдайда, тапсырысшы осындағы лицензияның нотариалды куәландағылған көшірмесін сұрапады .

Ескерту: 67-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2006 жылғы 14 тамыздағы N 204-НҚ (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) бүйрығымен .

19-тарау. Бір көзден сатып алу және оны қолдану талаптары

68. Бір көзден сатып алу - бұл сатып алудың тендерді пайдаланбай атқарылатын түрі және мынадай жағдайларда өткізіледі:

1) сатып алынатын тауарлар, жұмыстар және қызметтер табиғи монополия субъектісі болып табылатын ықтимал өнім берушіде ғана болады немесе рыноктың қандай да бір субъектісі тауардың, жұмыстардың және қызметтердің тиісті түрінің бір ғана ықтимал өнім берушісі болып табылады, немесе сатып алынатын тауарлар, жұмыстар және қызметтер белгілі бір тауар рыногында монополиялық жағдайға ие рынок субъектісінде ғана болады немесе қандай да бір нақты ықтимал өнім беруші осы тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге ерекше құқыққа ие болады;

2) табиғи апаттарға байланысты төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда (жер сілкіну, топан су, сел), табиғи өрттер, эпидемия және эпизоотиялар, ауылшаруашылық өсімдіктерін және ормандарды ауру және зиянкестер басқан

кезде, өндіріс, транспорт, басқа да апарттар кезіндегі, сондай-ақ апартты жағдайларда, өрттерде (жарылыстарда), улы, радиоактивті, биологиялық қатерлі заттар тараған кезде, ғимараттар мен имараттар кенеттен қираған кезде, плотиналар бұзылғанда, электроэнергетикалық және коммуникациялық өміршеш җүйелер, тазалау имараттары апаты болғанда, осы тауарларға, жұмыстарға және қызмет көрсетуге қажетті тапшылық шұғыл орнағанда, Қазақстан Республикасының зандарында бекітілген талаптарға сәйкес тендер өткізу жүргізілмейді;

3) қандай да бір өнім берушіден тауарлар, жұмыстар, қызметтер сатып алған тапсырыс берушіде бір ізге салу, стандарттау немесе сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сол бір жеткізуішіден осы тауарларға, жұмыстарға, қызметтерге деген сатып алу қажеттігі туындаиды;

4) тендер өткізу мүмкіндігі екі рет орын ала алмаған жағдайда және тапсырыс берушінің осы Ережедегі 50-тармақтың 1) және (немесе) 2) тармақшаларын орындауға бағытталған қымыл шарасы сатып алу шартын түзуге алып келмесе;

4-1) тендер өлеуетті жеткізіп берушілерден өтінімдер болмауына байланысты

өтпеді д е п т а н ы л с а .

5) а л ы н ы п т а с т а л д ы .

Ескеरту: 68-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің 2003 жылғы 12 желтоқсандағы N 321-НҚ, 2005 жылғы 5 наурыздағы N 73-НҚ, 2005 жылғы 28 желтоқсандағы N 374-НҚ, 2006 жылғы 14 тамыздағы N 204-НҚ (қолданысқа енгізу тәртібін 5-тармақтан қараңыз), 2007 жылғы 16 шілдедегі N 189-НҚ (алғаш рет реңми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі), 2009.02.05 N 30-НҚ Бұйрықтарымен.

68-1. Тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді бір көзден сатып алудың негізі мынадай құжаттармен расталады:

1) өлеуетті жеткізуі тиісті бірыңғай тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) жалғыз өлеуетті жеткізуісі болып табылатынына байланысты сатып алу қажеттілігін растау үшін - тиісті құзыретті органның осы тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді тапсырысшының сатып алу қажеттілігі туралы қорытындысы, осы жеткізуінің тиісті тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) жалғыз өлеуетті жеткізуісі болып табылатынын растайтын құжаттар;

2) қолда бар тауарлармен, жұмыстармен және қызметтермен сәйкестендіру, стандарттау немесе сыйысымдылығын қамтамасыз ету мақсатында сатып алудың қажеттілігін растау үшін - өлеуетті жеткізуінің бастапқы сатып алынған тауарларының, жұмыстарының немесе қызметтерінің, сәйкестендіру, стандарттау немесе сыйысымдылығын қамтамасыз ету мақсатында сандық және құндық

көрінісінде сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің көлемдерін көрсете отырып, тапсырысшының осы тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу қажеттігі туралы құзыретті органның қорытындысы, сондай-ақ техникалық ерекшеліктің және (немесе) қолда бар тауарлармен, жұмыстармен және қызметтермен стандарттау, сәйкестендіру және сыйысымдылығын қамтамасыз ету қажеттігін растайтын өзге де құжаттың болуына

сәйкес

шарт;

3) екі ашық тендердің өткізілмегенін раставаға байланысты сатып алу қажеттілігін растава үшін - осы тендерлер бойынша құжаттар: тендерлік комиссияларды құру туралы бұйрықтар; тендерлік құжаттамалар; тендерлік өтінімдер бар конверттерді ашу хаттамалары; тендерлердің қорытындылары туралы хаттамалар; әлеуетті жеткізу шарттердің қосыншаларымен бірге тендерлік өтінімдері; тендерлерді өткізу туралы мерзімді баспасөздегі хабарламалар;

3-1) ашық тендер өткізген кезде әлеуетті жеткізу шарттерден тендерлік өтінімдер болмауына байланысты сатып алудың қажеттігін растава үшін - осы тендер бойынша - мынадай құжаттардың: тендерлік комиссия құру туралы бұйрықтың, тендерлік құжаттаманың, тендердің қорытындылары туралы хаттаманың, мерзімді баспасөз басылымында жариялау күнімен тендерді өткізу туралы хабарландырудың көшірмелерін, бұл ретте дең қою шараларын келісуден және қабылдаудан бас тарту үшін тендерлік рәсімдерді бұзу негіз болып табылады;

4) алынып тасталды .

Осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайларды қоспағанда, бір көзден сатып алуды жүзеге асыру кезінде ықтимал өнім берушілер осы Ереженің 13-тармағында көзделген біліктілік талаптарына сәйкес келуше

тиіс.

Ескерту: 68-1-тармақпен толықтырылды, өзгертулер енгізілді - КР Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің 2003 жылғы 12 желтоқсандағы N 321-НҚ , КР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2005 жылғы 5 наурыздағы N 73-НҚ, 2006 жылғы 14 тамыздағы N 204 -НҚ (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз), 2007 жылғы 16 шілдедегі N 189-НҚ (алғаш рет реңми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

69. Бір көзден сатып алуды жүргізген жағдайда тапсырыс беруші әлеуеті жеткізу шартынан ол ұсынатын барлық тауарларға бағалардың, жұмыстардың және қызмет көрсетудің қажетті негіздемелерін сұраттырады.

70. Тапсырыс беруші бір көзден сатып алған кезде мынадай ақпарат бар хаттама

түзуі

ке рек:

- 1) бір көзден сатып алудың тәсілін негіздеу;
- 2) сатып алынатын материалдық, қаржылық ресурстар мен көрсететін

3) сатып алу жөнінде шарт түзілетін әлеуетті жеткізіп берушінің атауы мен мекен-жайы және осы шарттың бағасы.

20-тарау. Ашық тауар биржалары арқылы сатып алу

71. Егер сатып алу процесі кезінде алынатын тауар тек ашық тауар биржасының тізімдемесі арқылы сатылатын болған жағдайда, сатып алу Қазақстан Республикасының тауарлы биржалар туралы заңнамаларына сәйкес атқарылады.

21-тарау. Сатып алу шарты

72. Тендердің қорытындысы шығарылғаннан кейін бес күн аралығында тендерлік өтінімнің жеңімпазы болғаны жөніндегі ақпарат тапсырыс берушінің қолы қойылған жазбаша хабарлама шартпен қоса әлеуетті жеткізушіге жіберіледі

Шарт, жақтардың өкілдері қолдарын қойғаннан кейін қолданысқа енгізіледі.

Ескеrtу: 72-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2005 жылғы 28 желтоқсандағы N 374-НҚ бұйрығымен .

73. Тендердің жеңімпазы оның өтінімі жеңімпаз деп танылғаны туралы хабарламаны және сатып алу шартының жобасын алған сәттен бастап он күннің ішінде шартқа қол қояды немесе орын алған келіспеушіліктер туралы немесе шартқа қол қоюдан бас тартқаны туралы тапсырыс берушіге жазбаша хабарлама береді .

Ескеrtу: 73-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2005 жылғы 5 наурыздағы N 73-НҚ , 2005 жылғы 28 желтоқсандағы N 374-НҚ , 2006 жылғы 14 тамыздағы N 204-НҚ (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) бұйрықтарымен .

74. Тендердің жеңімпазы болған әлеуетті жеткізіп беруші 73-тармақта белгіленген мерзімде шартқа қол қоймаған жағдайда, тапсырыс беруші өлшемі жағынан жеңімпаздан кейінгі, ұсынысы Ереженің 51-тармағында бекітілгендей тапсырыс беруші үшін басым тиімділігі бар, тендердің басқа қатысуышымен шартқа отыруға құқылы және ол туралы тендердің қорытындысы жөніндегі хаттамада расталады .

74-1. Сатып алу шарттары, тендерлік құжаттама, сатып алу хаттамалары, ықтимал өнім берушілердің өтінімдері және өткізілген сатып алу жөніндегі өзге материалдар тапсырысшыда кем дегенде бес жыл сақталады.

Ескерту: 74-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2007 жылғы 16 шілдедегі N 189-НҚ (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен .

75. Жеткізушінің таңдауына негіз болған, ұсыныстың мазмұнын өзгертуі мүмкін (бағасын төмендетуден басқа) сатып алу туралы қол қойылған шартқа, өзгертулер және/немесе сатып алу туралы шарттың жобасына жаңа талаптар енгізу **ты ый м салынады.**

Жеткізушінің таңдауына негіз болған сапаның, көлемнің және басқа да талаптардың сапасының өзгермеу талабымен бағаны төмендетуге қатысты мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жобасына немесе қол қойылған мемлекеттік сатып алу туралы шартқа өзгерістер енгізуге рұқсат етіледі.

Тапсырысшы шарт бағасын төмендету мақсатында тендердің жеңімпазы болып танылған әлеуетті жеткізушімен мемлекеттік сатып алу туралы шартқа қол қойғанға дейін келіссөздер жүргізуге құқылы. Осыған байланысты әлеуетті жеткізуші бұндай төмендетуге келіспеуге құқылы, бірақ бұл тапсырысшыға тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу бойынша тендердің жеңімпазы болып табылған әлеуетті жеткізушімен жасалған шартқа қол қоюдан бас тартуға

кұқық б е р м е й д і .

Егер тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу туралы шарттың орындалу процесінде сатып алынатын тауарларға (жұмыстарға, қызметтерге) ұқсастаның бағалары төмендеу жағына өзгерсе, онда тапсырысшы мен жеткізушінің өзара келісімі бойынша осы тармақтың ережелерін ескере отырып, сатып алу туралы шартқа тиісті өзгерістер енгізілуі мүмкін.

Ескерту: 75-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің 2003 жылғы 12 желтоқсандағы N 321-НҚ бұйрығымен .

76. Табиғи уәкілетті орган, табиғи монополия субъектісі Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы зандарын бұза отырып тендер жеңімпазымен шарт жасасқанға дейін, оның нәтижесін қабылдамауға және табиғи монополия субъектісін қайта тендер өткізуге міндеттеуге құқылы.

77. Сатып алу туралы шартқа Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің нормалары қолданылады.

22-тaraу. Осы Ережені бұзғаны үшін жауапкершілік

78. Уәкілетті орган, табиғи монополия субъектісінің тарифтерді (баға, алым ставкасы) бекіту туралы өтінімін осы Ережеде бекітілген тендер өткізу талаптары бұзылған жағдайда кері қайтаруға құқылы.

78-1. Осы Ережемен белгіленген рәсімдерді бұзып өткізілген тендерлердің нәтижелері бойынша сатып алынған тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алуға арналған шығындарды уәкілетті орган табиғи монополия субъектісінің тарифіне енгізбейді.

Ескерту: 78-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің 2003 жылғы 12 желтоқсандағы N 321-НҚ бұйрығымен .

79. Осы Ереженің бұзылғандығына кінәлі адамдар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

Табиғи монополиялар субъектілерінің
шығындары олар көрсететін қызметтерге
тарифтер (бағалар, алымдар ставкаларын)
қалыптастыру кезінде ескерілетін
материалдық, қаржылық ресурстарды
және қызметтерді сатып алу ережесіне
1-қосымша

Ескерту: 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2006 жылғы 14 тамыздағы N 204-НҚ (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз), өзгерту енгізілді - 2007 жылғы 16 шілдедегі N 189-НҚ (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен .

Алда тұрған тендер туралы хабарландыру нысаны

(тапсырысшының толық атауы)

мынадай тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді: (тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің және олардың санын (көлемін) құнын көрсетпей-ақ қысқаша сипаттау); (бір тендерде тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің бес және одан көп атауларын сатып алған жағдайда, тендерді өткізу туралы хабарландыру сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің толық тізбесі тапсырысшының тендерлік құжаттамасында көрсетілген сілтемені қамтуға тиіс. Тапсырысшының web-сайты болған кезде, соңғысы сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің толық тізбесін web-сайтта көрсетеді). сатып алу жөнінде ашық (қайталама) тендер өткізу туралы хабарлайды.

Тауарлар, жұмыстар мен қызметтер жеткізілуге (орындалуға/көрсетілуге) тиіс :

(тауарлар жеткізілетін, жұмыстар орындалатын немесе қызметтер

көрсетілетін орынды көрсету)

Жеткізудің (орындаудың, көрседін) талап етілген мерзімі.

Тендерге қатысуға Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі төрағасының 2003 жылғы 6 маусымдағы N 149-НҚ бұйрығымен бекітілген Табиғи монополиялар субъектілерінің шығындары реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифтер (бағалар, алым ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлері мен тарифтік сметалар бекіту кезінде ескерілетін тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу ережесінің 13-тармағында көрсетілген, біліктілік талаптарына жауап беретін барлық ықтимал өнім берушілер жіберіледі.

Тендерлік құжаттама пакетін _____ жылғы "___" сағат _____ минөтке дейінгі мерзімді қоса (тендерлік өтінімдер бар конверттерді ашқанға дейін 24 сағат ішінде уақыты мен күнін көрсету) _____, мекен-жай бойынша N____ бөлмeden _____ сағаттан _____ сағатқа дейін алуға б о л а д ы .

Тендерлік құжаттама пакетінің құны _____ теңгені құрайды және _____ шотына (тапсырыс берушінің тиісті шотын көрсету) не бухгалтерияға енгізіледі. Шағын кәсіпкерлік субъектілері және Қазақстан Республикасы мугедектерінің қоғамдық бірлестіктері жасап отырған тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді өндіретін ұйымдарға тендерлік құжаттама тегін беріледі (егер тендерлік құжаттаманы бергені үшін ақы өндіріп алу хабарландыруда көзделмеген жағдайда, тендерлік құжаттаманың тегін берілетіндігін көрсеткен жөн).

Тендерге қатысуға арналған, конвертке салынған тендерлік өтінімдерді

(тапсырысшының толық атауы)

ықтимал өнім берушілер _____ N____ бөлме мекен-жайы бойынша ұсынады.

Тендерлік өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі _____ жылғы "___" _____ сағат _____ минутқа дейін.

Тендерлік өтінімдер бар конверттерді мына мекен-жай бойынша: _____ N____ бөлмede _____ жылғы "___" _____ сағат минутте тендерлік комиссия аштын болады.

Ықтимал өнім берушілер және олардың өкілдері тендерлік өтінімдер бар конверттерді ашу кезінде қатыса алады.

Табиғи монополия субъектісінің қызметтерін (тауарларын, жұмыстарын) тұтынушылар тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатып алу жөнінде (

тапсырышының атауы) өткізетін тендерге байқаушы ретінде қатысуға құқылы.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы: (қаланың коды мен телефон нөмірін көрсету қажет) алуға болады.

Табиғи монополиялар субъектілерінің
шығындары олар көрсететін қызметтерге
тарифтер (бағалар, алымдар ставкаларын)
қалыптастыру кезінде ескерілетін
материалдық, қаржылық ресурстарды
және қызметтерді сатып алу ережесіне

2-қосымша

Жабық тендерді өткізу туралы хабарлау нысаны

Кімге _____ мынадай
(әлеуетті жеткізіп берушінің атауы)

материалдық, қаржылық ресурстарды және қызметтерді сатып алу жөнінде (материалдық, қаржылық ресурстардың және қызметтердің және олардың санын (көлемін) қысқаша сипаттау);

(сатып алынатын материалдық, қаржылық ресурстардың және қызметтердің толық тізбесі, олардың саны мен тендерлік құжаттамада көрсетілген жан-жақты ерекшелігіне тапсырыс беруші сілтеме жасауға құқылы) _____

жабық тендерді өткізу
(тапсырыс берушінің атауы)

туралы Сізге хабарлайды және Сізді оған қатысуға шақырады.

Материалдық және қаржылық ресурстар жеткізілуі керек.
(жұмыстар немесе қызметтер орындалуы/көрсетілуі) (материалдық, қаржылық ресурстардың жұмыстардың немесе қызметтердің орындалған/көрсетілген жеткізілетін орнын көрсету).

Жеткізудің (орындалудың/көрсетілудің) _____ талап етілген мәрзімі.

Тендерге біліктілік талаптарға сай болатын ереженің 13-тармағында көрсетілген барлық жеткізіп берушілер жіберіледі.

Тендерлік құжаттама пакетін " _____" жыл мерзіміне дейін (тендерлік өтінімдер бар конвертті ашқанға дейін 24 сағат ішіндегі күні мен уақыты) қоса берілген мекен-жай бойынша _____ бөлменің N _____
____ сағат ішінде немесе тендерлік құжаттаманың төлемі туралы әлеуетті жеткізіп беруші құжатын ұсынғаннан кейін электрондық пошта арқылы _____
____ мекен-жай бойынша алуға болады.

Тендерлік құжаттама пакетінің құны _____ теңге құрайды (осы абзац алынып тасталады, егер төлем алдын-ала ескерілмесе).

Тендерге қатысуға арналған тендерлік өтінімдер конверттерде мөрленген,

әлеуетті жеткізіп берушілермен (тапсырыс берушінің атауын көрсету) мекен-жай бойынша (толық мекен-жайды, бөлменің N көрсету) ұсынылады (жолданады).

Тендерлік өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі (уақытты және күнді көрсету)
д е й і н .

Тендерлік өтінімдер бар конверттер мынадай мекен-жай бойынша (толық мекен-жайын, бөлменің N көрсету) ашылады (уақыты және күнін көрсету). Тендерлік өтінімдер бар конвертті ашқан кезінде әлеуетті жеткізіп берушілер
қ а т ы с а а л а д ы .

Қосымша ақпаратты және анықтаманы (телефон нөмірін көрсету) телефон арқылы алуға болады.

Табиғи монополиялар субъектілерінің шығындары олар көрсететін қызметтерге тарифтер (бағалар, алымдар ставкаларын)
қалыптастыру кезінде ескерілетін материалдық, қаржылық ресурстарды және қызметтерді сатып алу ережесіне

3-қосымша

(Кімге)

(тапсырыс берушінің атауы)

(Кімнен)

(әлеуетті жеткізіп берушінің атауы)

Тендерге қатысуға арналған өтінім

(занды тұлғалар үшін)

(т е н д е р д ің а т а у ы)

тендерді өткізу жөніндегі тендерлік құжаттамаларды қарап, алынуы осымен қуәландырылатын, тендерлік құжаттамаға сәйкес

жалпы

(цифрамен және жазбаша)

сомага тауарлардың (жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету)
м ы на д а и л о т т а р б о й ы н ш а

(лоттар бойынша материалдық және қаржылық ресурстарды және қызметтерді жан-жақты сипаттау)

(әлеуетті жеткізіп берушінің атауы)

жеткізілуін жүзеге асыруды ұсынады.

Осы тендерлік өтінім мыналадардан тұрады:

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____
5. _____
6. _____
7. _____
8. _____
9. _____

Табиғи монополиялар субъектілерінің шығындары реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифтер (бағалар, алым ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлері мен тарифтік сметалар бекіту кезінде ескерілетін тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу ережесіне

6-қосымша

Ескерту: 6-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2006 жылғы 14 тамыздағы N 204-НҚ (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) бүйрықтарымен .

_____жылғы _____тоқсан кезеңдегі сатып алуды
өткізу туралы ақпарат

Сатып алудың тәсілі	Тауардың атауы және Тізбедегі үстаным	Тауардың, жұмыстардың және қызметтердің бірлігі	Сатып алуға белінген сомасы (мың теңге)	Сатып алудың өткізу мерзімі	Шарттың нөмірі, мезгілі және сомасы (немесе сатып алу болған жағдайда)	Жеткізушінің атауы және оның деректемелері	Ескерту, сондай-ақ уәкілдегі органымен келісу туралы ақпарат